

860205401671
87021423417

УТЕСИНОВА Нургуль Орунбаевна,
№55 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.
Алматы облысы, Іле ауданы

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Функционалдық сауаттылық – заман талабына сай тұлғаны қалыптастырудағы маңызды көрсеткіштердің бірі. Бүгінгі күнде оқушылардың қоғамда өз бетімен әрекет ете алу, ақпаратты тиімді пайдалану, сыни ойлау дағдыларын дамыту – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің қатарында. Осы тұрғыда «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру» бағдарламасы 8-сыныпта қазақ тілі пәнін меңгеру барысында оқушылардың тілдік дағдыларын жаңа қырынан жетілдіруге бағытталады. Бағдарлама аясында оқушылардың оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу әрекеттерін қатар дамытып, оларды күнделікті өмірде, ғылым мен технологияда кездесетін түрлі жағдаяттарда қолдануға бейімдеу басты назарда болады.

Бағдарлама оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау дағдысын күшейтіп, сыни пайым жасау қабілетін ұштауға ықпал етеді. Өртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы талдауға алынатын мәтіндер оқушылардың танымдық өрісін кеңейтеді, ой өрбітуге, пайымдауға және пікірталасқа қатысуға деген қызығушылығын оятады. Осылайша, қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты арттыру – оқушыларды тек теориялық біліммен қаруландырып қана қоймай, олардың өмірлік тәжірибеде өз білімін қолдануға, түрлі ақпарат көздерін дұрыс талдауға, тілдік нормаларды сақтай отырып, ойын анық жеткізуге машықтандырады. Ұсынылып отырған бағдарлама – оқушыларды жан-жақты дамытып, білім беру процесіне жаңашыл ықпал етудің бірегей тәсілі екендігін ескере отырып мен авторлық жұмысымды «Оқу сауаттылығын арттыруда мәтінмен жұмыс жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдер» тақырыбында жазып шықтым. Онда қамтылған жұмыстағы күтілетін нәтижелер:

- 1). Тілдік дағдыларды түрлі салада confidently қолдана алатын оқушы;
- 2). Сыни ойлау және рефлексия жасай білу біліктілігі;
- 3). Топтық жұмыста ынтымақтастық таныту, пікірін дәлелдейді;

Жұмыс барысында бағдарламаның мақсаты, өзектілігі, жаңашылдығы,

міндеті, нәтижесі көрсетілген. Тұрақтылық мазмұндақ бөлім бар. Нормативтік бөлім. Күнтізбелік тақырыптық жоспарына 1 сағаттан 34 сағатты арқайы кесте. Бағалау критерийлері балдық жүйемен көрсетілген. Осы 34 сағатқа арнайы жасалған қысқа мерзімді жоспарда жазылған. Бұл сабақ тақырып негізгі қамтиды. Яғни оқу сауаттылығы туралы түсінік білім алушылардың сабақ барысында және сабақтан тыс кезінде әртүрлі мәтіндерді түсініп тұжырымдайды. Әр түрлі жағдаяттарда оқыған білімдерінде қолдана білу керек. Сондықтан сабақ барысында берілген тапсырмаға байланысты жұмыстар жүргізіледі.

Мысалы мәтін берілді делік онда мәтінді талдау, құрылымына тоқталу, салыстырмалы түрде қарастыру, шығармашылық жұмыстар беру, кері байланыс, әртүрлі тренинг, кейіпкерлерге мінездеме, сюжеттік талдаулар,

авторлық стиль, қосымша тапсырмалар тағы басқада әдіс-тәсілдермен қызықты етіп өтуге болады.

Осы бағдарламаны мектепшілік пайдаланудамыз. Осы уақытқа дейін барлық қажет деп таныған ұстаздарға ұсынып отырмын.

